

# Болашақ

## ◆ Айтарым бар

«Ұрпағы  
білімді халықтың  
болашағы бұлыңғыр  
болмайды» дегендей, жас  
ұрпаққа мән-мағыналы,  
өнегелі тәрбие мен білім  
беру – бүгінгі күннің  
басты талабы. Қайсар  
рух пен қара күшті қару  
етіп, еркіндік үшін  
күрескен  
бабаларымыздың ерлік  
жолындағы күресі бүгінгі  
таңда айбыны аспан  
тіреген тәуелсіздік  
тұғырын  
биіктетті.

## Білімді ұрпақ

## — ҰЛТ

## болашағының

## кепілі

Ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді көтерген кезеңде қолға алар ісіміздің бірі – ұрпақ тәрбиесі. Халқымыздың келешегі – бүгінгі ұрпағы. Болашақ мемлекетіміз ұрпаққа деген сабақтастықтан туындайтын дүние болғандықтан, әр халықтың болашағы жастарына тәуелді екені даусыз мәселе. Егер бүгін жастар өз халқының рухымен тәрбиеленіп өспесе, онда елдің келешегі бұлыңғыр болмақ. Өйткені, ұлттың барша мұрасы жастарға аманат етіледі. Ал жастар оны сақтамаса және өзінен кейінгілерге тапсырып кетпесе, біртіндеп ұлттың атауы да өшіп жоғалмақ.

Қай ғасырда болсын ұлт өмірін өркендетуші саналы да салауатты, ұлтжанды, рухы биік парасатты ұрпақты тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі. Сонымен қатар өз елінің рәміздерін, Ата заңын білуге, әрі құрметтеуге әрбір азамат міндетті.

Кез келген ұлтты қалыптастыратын орта – оның ұлттық мектебі. Сондықтан қазақ мектебінің тағдыры – ел тағдыры. Ұлтымыздың болашағын ойлаған алаштың ардақтылары мұны әрқашан ескеріп отырған. Қазақ халқының ұлы перзенті Мұстафа Шоқай «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухпен тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жақтайтын пайдалы азамат шықпайды» – деп, өскелең ұрпақты ұлттық мектепте, ұлттық рухта тәрбиелеу керектігін көрсеткен.

XXI ғасырдағы ғаламдық өзгерістермен қатар даму – әр мемлекеттің басты мақсаты. Өркениет білім мен ғылымның дамуымен байланысты. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақтың біліктілік, іскерлік, құзыреттілік қабілеттеріне тікелей тәуелді. Бұл өз кезегінде сапалы білім мен іскерлікті талап ететіні сөзсіз. Жекелеген тұлғаға жүйелі білім беру, ынты-ықпалын арттыру, құзыреттілігін қалыптастыру – біздің басты міндетіміз.

Қазіргі кезде «Жастар – еліміздің болашағы» деген қанатты сөзді жиі айтамыз. Ал, сол жастардың болашағы, Отанымыздың ертеңгі тағдыры өзіміздің бүгінгі қызметімізді қалай атқарып жүргенімізге тікелей байланысты. Ендеше мына өтіп жатқан жаһандану, ғаламдану үрдістеріне жұтылып, ұлт ретінде жоюылып кетпейік десең, ұлымызды рухты, қызымызды ғұрыпты етіп тәрбиелегеніміз жөн.

Гүлжан АБДУКАРИМОВА,  
Жұмагүл ҚАНСЕИТОВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің  
«Журналистика және қазақ тілі»  
кафедрасының оқытушылары.